



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

взаимодействия – это еще одна из задач, которую предстоит решить всем странам-участницам евразийского процесса. Евразийская интеграция – это интересный, сложный, глобальный и главное – динамичный процесс, который позволит Казахстану, России и остальным его участникам успешно преодолеть все вызовы времени, обеспечить свою конкурентоспособность на мировой арене и достичь главной цели нашего объединения – мира, процветания и благополучия для всех жителей евразийского пространства.

#### **Список использованных источников**

1. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева в Московском государственном университете имени М.В.Ломоносова о евразийской интеграции// [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://strategy2050.kz/ru/news/8210>, режим доступа 27.03.2018
2. К экономике знаний через инновации и образование. Лекция Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева // Казахстанская правда. 2006. 27 мая
3. Назарбаев Н. А. Евразийский союз: от идеи к истории будущего // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. 2011.
4. Бобылев Г.В., Нагиева А.А. Актуальные международно-правовые вопросы деятельности ЕврАзЭС//[Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://naukarus.com/mezhdunarodno-pravovye-osnovy-deyatelnosti-evrazes>, режим доступа 27.03.2018

УДК 378.18

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕҢІЛДІКТЕРІ: ЖОЛ АҚЫ МӘСЕЛЕСІ**

**Мұхамбетжанова Нұргүл Елемесқызы**

*[nurka\\_atyrau@mail.ru](mailto:nurka_atyrau@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 3 курс студенті,  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – И.С.Рыстина

Қай кезді алып қарасақ та қоғамның қозғаушы күші жастар болып табылады. Демек, бүгінгі күн де, ертең де, болашақ та жастардың қолында. Статистика бойынша, 14-29 жас аралығындағы қазақстандық жастардың саны 4 миллионнан асады. Олардың ішінде колледж студенттері – 488 926, жоғары оқу орындарының студенттерінің саны - 496 209 [1].

Мемлекет – жастарға, әсіресе студенттерге барлық мәселеде қолдау білдіріп, мүмкіндіктер жасауда. Білім жүйесінде де гранттардың саны артқаны, шетелде оқуға жастардың қолжетімділігі, студенттер ұйымдары мен құрылымдарының да қызмет етуі - осының айғағы. 2018 жылы 5 наурызда жарияланған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасының» өзінде 2022 жылдың аяғына дейін студенттерге арнап жатақхана салып беру, техникалық мамандықтарға гранттарды көптеп бөлу жағдайларын қарастырған. Алайда, студенттердің бүгінде басты мәселесі жол ақы екені жасырын емес.

#### **Шетелдік тәжірибе.**

**Канадада** студенттер жол ақысына 10 есе аз төлейді. Студенттік жол жүру билетінің арқасында барлық қоғамдық көліктер канадалық студенттер үшін 4 айға созылатын семестрде 46 канадалық долларды (шамамен 400 мың доллар) құрайды. Салыстырар болсақ, Торонтода жол жүру билеті айына 120 доллардан асады (шамамен 1 миллион 560 мың)! Сонда студенттер төрт ай бойы қарапайым адамдарға қарағанда үш есе аз төлейді. Бұл өте тиімді.

**Германияда** транспорт өте қымбат! Неміс студенттері арнайы семестрлік жол жүру карталарын пайдалана отырып, жүздеген еуро үнемдейді. Айына бір рет сіз белгілі бір өте аз соманы төлейсіз де жылдамдықты автобустарды қоспағанда кез-келген қалалық автобустарды жеңілдікпен жүре аласыз. Тиімді жағы, студент өзінің жол жүру картасы арқылы басқа адамды метрода тегін өткізе алады.

**Литвада** студенттердің жеке LSP (жол жүру билеті) бар. Литвалық студенттерде қоғамдық автобустармен жүру жеңілдігі - шамамен 80%! Толық жол ақы 100 лит (39 доллар) тұрады, бірақ студенттер 20 лит (шамамен \$8) төлейді.

**Түркияда** студенттер үшін қалалық транспорттар – автобустар, метро, электрлі темір жолда және паромда жүруге арналған жеңілдік жол ақысы қарастырылған. Маршруттарда жол ақысы 2 лир(165 теңге) болса, студенттер 2 есе аз төлейді. Қалааралық автобустарға да жеңілдіктер бар, мысалға, Измирден Стамбулға бару 60 лир, студенттерге 45 лир.

Шетелдік тәжірибеден байқайтынымыз, әлемнің әртүрлі елдерінде студенттерге жеңілдіктер қарастырылған. Бұнда жеңілдіктердің жол ақыдан басқа түрлері де көрсетілген, мысалға: кітапханалар, музейлерге тегін кіру; кейбір тамақтанатын орындарда 50 пайыз жеңілдікпен тамақтану; велосипедтерді тегін айдау; курорттық мекемелерде жеңілдіктермен демалу және т.с.с.

Ал Қазақстанның кейбір қалаларында студенттерге арналған жол жүру билеті мен жеңілдетілген жол ақылар бар болса, кейбір қалаларда бұл мүлдем жүзеге асырылмаған. Жалпы, ҚР қалаларының тұрғындарының жол ақысы:

1-кесте. ҚР қалаларының жол ақы мөлшері (теңге)

<b>Ішкі байланыс арқылы автобуспен жүру ҚР қалалары. 2017/12 (теңге)</b>				
<b>Аймақтар</b>	<b>Барлығы</b>		<b>Жалпы өсуі</b>	
	<b>2017/12</b>	<b>2016/12</b>	<b>2016/12</b>	
<b>Қазақстан</b>	74	64	14,9%	10
<b>Астана</b>	90	90	0,0%	0
<b>Қызылорда</b>	90	70	28,6%	20
<b>Өскемен</b>	90	75	20,0%	15
<b>Алматы</b>	80	80	0,0%	0
<b>Атырау</b>	80	80	0,0%	0
<b>Көкшетау</b>	80	60	33,3%	20
<b>Қарағанды</b>	80	80	0,0%	0
<b>Қостанай</b>	80	60	33,3%	20
<b>Орал</b>	80	60	33,3%	20
<b>Павлодар</b>	80	70	14,3%	10
<b>Петропавл</b>	80	65	23,1%	15
<b>Семей</b>	80	60	33,3%	20
<b>Шымкент</b>	70	70	0,0%	0
<b>Тараз</b>	65	55	18,2%	10
<b>Жезқазған</b>	60	40	50,0%	20
<b>Талдықорған</b>	60	60	0,0%	0
<b>Ақтөбе</b>	55	55	0,0%	0
<b>Ақтау</b>	50	50	0,0%	0

Қоғамдық көліктегі жол жүру құнының өсуі отынға, автокөліктерге және коммуналдық қызметтерге бағаның өсуімен байланысты [2].

Өткен және осы жылы еліміздің қалаларында қоғамдық көлікте жол жүру бағалары көтерілді. Республика бойынша тұтастай алғанда жолаушылар тасымалы саласындағы жағдай қандай?

**Астанада** ересектер мен балалардың жол жүру ақысы 90 және 40 теңгені құрайды. **Алматыда** жол ақы - 80 теңге, *студенттер* 40 теңге, «Онай» жүйесін пайдаланбайтындарға 150 теңге төлеуді ұсынады.

**Шымкентте** ересектер мен балалардың жол жүру ақысы 70 және 35 теңге болса, *студенттер* 50 теңге төлейді. Ұлы Отан соғысы ардагерлері, көп балалы аналар, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгілерінің иелері, сондай-ақ жақыннан бастап қаланың құрметті азаматтары жол ақысын төлемейді.

**Қарағандыда** жол ақы – 80 теңге, қалалық әкімдік муниципалды автобус паркін құруға тырысты, бірақ табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтыну құқығын қорғау комитеті ЖШС құрудан бас тартты.

**Ақтөбеде** әзірге жол жүру ақысы – 55 теңге, бірақ тасымалдаушылар 80 теңгеге ұлғайтуға өтініш жіберген. **Таразда** жол ақысын 65 және 30 теңгеге өсірген. **Павлодарда** – 70 теңге.

**Атырауда** ересектер 80 теңге, *студенттер* 40 теңге төлейді. Зейнеткерлер мен мектеп оқушылары тегін жол жүреді.

**Өскеменде** жол ақы – 90 теңге. 70-тен жасы асқан зейнеткерлер 50 теңге, мектеп оқушылары 45 теңге төлейді. *Студенттерге* 50 пайыздық жеңілдікпен жол жүру билеті сатылады. Тегін жол жүру ақысы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектерге қарастырылған.

**Семейде** жол ақысын 60 тг-ден 80 теңгеге ұлғайтуға өтініш жасалынған. Зейнеткерлер мен мектеп оқушыларына тариф 40 теңгені құрайды.

**Қостанайда** – 80 теңге, 7 жасқа дейінгі балаларға, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жол жүру ақысы тегін. 7-ден 15 жас арасындағы балалар 40 теңге төлейді.

**Оралда** жол ақысы – 80 теңге, **Петропавлда** – 80 және 40 теңге, **Көкшетауда** – 80 теңге. **Ақтауда** ең төменгі жол ақы – 50 теңге, оны ұлғайту қарастырылуда. Соңғы рет 2015 жылы тарифті 50 теңгеге дейін көтерген.

**Талдықорғанда** 2015 жылы жол жүру ақысын 70 теңгеге дейін көтерген, кейін наурызда 60 теңге азайтып, оны микроавтобустарды автобустарға алмастыруымен түсіндірді. 2017 жылы тасымалдаушылар тарифты 2 есеге ұлғайтуды сұраған.

**Қызылордада** 2017 жылдың тамызынан бастап 90 және 40 теңге. Зейнеткерлерге 50 пайыздық жеңілдік қарастырылған. Барлық жағдайларда тарифтердің өсуі отынның, қосалқы бөлшектердің бағасының өсуіне, инфрақұрылым құрылысына, қызметкерлердің жалақысын көтеруге және қарыздарды өтеуге байланысты.

Осыдан байқайтынымыз, студенттерге жеңілдік тек Алматы, Шымкент, Атырау, Өскемен қалаларында беріледі. Жоғарыда аталған қалаларда студенттерге жеңілдік жасалуының себебін байқау үшін, ең алдымен Қазақстан Республикасының ЖОО-ның және студенттердің санын қарастыруымыз қажет.

2-кесте. Қазақстан Республикасының ЖОО-ң саны [3].

	2014/15	2015/16	2016/17	2017/18
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>126</b>	<b>127</b>	<b>125</b>	<b>122</b>
Ақмола облысы	6	6	5	4
Ақтөбе	6	6	6	6
Алматы облысы	3	3	3	3
Атырау облысы	3	3	3	3
Батыс Қазақстан облысы	3	3	5	4
Жамбыл облысы	5	4	3	3
Қарағанды	9	9	9	9
Қостанай	7	7	7	7
Қызылорда	4	4	3	3
Маңғыстау облысы	2	2	2	2

Оңтүстік Қазақстан облысы	11	11	12	12
Павлодар	4	4	4	4
Солтүстік Қазақстан облысы	2	2	2	2
Шығыс Қазақстан облысы	7	7	7	7
Астана қ.	14	14	14	13
Алматы қ.	40	42	40	40

Жоғарыдағы кестеде біз облыстар және Астана, Алматы қалаларындағы ЖОО-ның санын қарастырдық. Енді осы оқу орындарында білім алатын студенттердің санын анықтайық.

3-кесте. ЖОО-ның студенттерінің саны

	2014/15	2015/16	2016/17	2017/18
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>477 387</b>	<b>459 369</b>	<b>477 074</b>	<b>496 209</b>
Ақмола облысы	10 289	9 267	8 455	9 441
Ақтөбе	20 825	20 336	21 004	21 829
Алматы облысы	9 724	9 051	9 422	9 342
Атырау облысы	10 552	10 014	11 012	12 046
Батыс Қазақстан облысы	28 369	26 856	29 919	31 392
Жамбыл облысы	19 580	18 950	19 662	20 874
Қарағанды	41 123	36 976	41 738	42 629
Қостанай	19 840	19 014	20 057	20 534
Қызылорда	11 308	10 055	10 070	9 973
Маңғыстау облысы	3 815	3 976	5 081	5 167
Оңтүстік Қазақстан облысы	70 121	70 827	71 323	79 423
Павлодар	13 750	12 703	13 566	14 537
Солтүстік Қазақстан облысы	4 851	4 560	5 235	6 027
Шығыс Қазақстан облысы	26 559	26 842	27 969	29 334
Астана қ.	52 945	51 235	51 800	52 369
Алматы қ.	133 736	128 707	130 761	131 292

Бұл кестеден байқайтынымыз, ең көп ЖОО – Алматы, Астана қалаларында және Оңтүстік Қазақстан облысында. Сәйкесінше, ең көп студенттер шоғырланған аймақтарда осылар. Алматы қаласындағы студенттер саны - 131 292, ОҚО – 79 423, Астана қаласында – 52 369. Студенттерге жеңілдіктер қарастырылған қалалардың бірі Атырау облысында – 12 046 студент бар, саны бұл қаладан асып өтетін Астана қаласында неліктен жеңілдіктер қарастырылмаған?

Зерттеу жүргізе отырып, біз, ең алдымен, Оңтүстік Қазақстан облысы, Атырау облысы, Астана, Алматы қалаларының тұрғындарының санын анықтадық. Студенттердің жалпы халық санының қанша пайызын құрайтынын есептей отырып, кесте құрастырдық [4].

4-кесте. Студенттердің жалпы халықтың санынан пайыздық көрсеткіші

Облыс/ Қала	Халық саны (қала тұрғындары)	Студенттер дің саны	Пайыздық көрсеткіш
Атырау облысы	296 984	12 046	4%
ОҚО	1 342 147	79 423	6%
Астана қ.	1 035 537	52 369	5%
Алматы қ.	1 806 833	131 292	7%

Нәтижесінде, бұл кестеден байқағанымыздай, Алматы қаласы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында студенттердің пайыздық көрсеткіші басқа облыстармен салыстырар болсақ әлдеқайда жоғарырақ. Астана қаласында студенттерге автобуспен қатынауға 50% жеңілдік жасалуын жүзеге асыруға болады деп ойлаймын. Өйткені Атырау облысындағы пайыздық көрсеткіш 4%-ды көрсетіп отыр, ал Астана қаласының көрсеткіші одан бір пайызға артық. Демек, мәселе студенттердің санына қатысты емес.

Эксперттердің айтуы бойынша, Астанада студенттерге жеңілдік жасалмауының бірден-бір себебі – қала тұрғындарының автобуста емес, көлікпен қатынауында. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің 2017 жылы жариялаған статистикасына көңіл аударар болсақ, Астана қаласында тіркелген көліктердің саны 246,9 құрайды. Ал жеңілдіктер көрсетілген Алматы қаласында – 458,8, ОҚО-да – 476,8. Демек, бұл да себебі емес. Еліміздің астанасы – Астанада студенттер көп шоғырланған, сондықтан әкімшіліктің жол ақысына немесе жол жүру билетіне жеңілдік жасауы қажет деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, студент – әлеуметтік жеке тұлға. Олар біздің қоғамымыздың әлеуметтік құрылымын айқындайды. Сондықтан да студенттерге әлеуметтік жеңілдіктер көрсету маңызды, әсіресе олар музейге, ұлттық кітапханаларға бару үшін автобуспен көп қатынайтын болғандықтан, мемлекеттің жол ақысына жеңілдік жасауы керек деп ойлаймыз. Өйткені еліміздің болашақ азаматы - қазіргі студент жастар!

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті. [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>
2. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика Комитетінің негізінде [Ranking.kz](http://Ranking.kz) есептеулері
3. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті. [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>, Образование.
4. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті. [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>, Экспресс-информация. Об изменении численности населения РК с начала 2018 года до 1 февраля 2018 года.

УДК 63.321.96.(576)

### **ПОЛИТИКА РОССИЙСКОГО ГОСУДАРСТВА В ОТНОШЕНИИ МУСУЛЬМАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНЦЕ XIX – НАЧ. XX.: НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА АНДИЖАНСКОГО ВОССТАНИЯ И ВОССТАНИЙ В 1916 ГОДУ**

**Ниеталиева Гүлдіана Оралбаевна**

*[guldana.niyet@gmail.com](mailto:guldana.niyet@gmail.com)*

Магистрант 1 курса специальности «Политология» ЕНУ им.Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Б.А.Габдулина

Этот рассказ для того, чтобы друг другу передать его.

От злого рока этих дней появилась смута,

От минтюпинского ишана вышла смута.

Подобный диву, безумец вложил в сердце людям мысль о возмущении.

О, разумные, толковые люди, не вред ли нам от сего? [1]

Во время колониальной истории Центральной Азии два основных восстания были классифицированы как угроза для русского колониального господства: восстание в